

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2000 жылғы 30 қазан N 405 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1319 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 203 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өткізілетін төлемдер жөніндегі мәліметтерді жүйеге келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" V991011_ 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Ережеге өзгерістер мен толықтырулардың 2001 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілетін 4-тармағынан басқасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін осы қаулыны және Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық

аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және "Казпочтабанк" ашық акционерлік қоғамына жіберсін.

3. "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорын (Абдулкаримов С.Х.) осы қаулы және Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап отыз күндік мерзімде Ережеге өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағында көзделген мәліметтерді беру көлеміне қойылатын талаптарды әзірлеп, екінші деңгейдегі банктерге және "Казпочтабанк" ашық акционерлік қоғамына жіберсін.

4. Ақпарат технологиясы департаменті (Поликарпов О.Ю.) 2001 жылдың 5 сәуіріне дейін Ережеге өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағында көзделген ай сайынғы мәліметтерді өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеп, өндірістік пайдалануға енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 30 қазандағы
N 405 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем
белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан

Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" V991011_ 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесіне (бұдан әрі - Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ережеге N 1 және N 2 қосымшалар жаңа редакциядағы N 1 және N 2 қосымшалармен ауыстырылсын.

2. Ереже N 3 және N 4 қосымшалармен толықтырылсын.

3. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ережеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ТББЖ-нің кодын міндетті түрде қою көзделген Қазақстан Республикасының аумағындағы төлем құжаттарына және басқа құжаттарға (бұдан әрі - төлем құжаттары) қолданылатын кодтарды қою жүйесі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қою тәртібі көрсетілген."

4. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісі төлем бойынша берілген мәліметтер негізінде төлемдердің айқындығын қамтамасыз ететін көрсеткіштер жүйесін қалыптастыруға және Қазақстан Республикасындағы ақша ағынын талдауға арналған.

"Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі - ҚБЕО), "Казпочтабанк" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Казпочтабанк" ААҚ) және екінші деңгейдегі банктер есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-на дейін осы Ереженің N 3 және N 4 қосымшаларына сәйкес Ұлттық Банкке ТББЖ кодтары шеңберінде өткізілетін төлемдер жөнінде мәліметтер береді."

5. 3 - тармақтың:

1) 3) тармақшасындағы "SWIFT" форматында пайдаланылған халықаралық стандарттарға сәйкес белгіленген" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) банк ішіндегі төлемдер - банктің өз клиенттерімен және осы

банктің екі клиенті арасында жүзеге асырылатын төлемдер".

6. 4-тармақтағы "операцияларында да" деген сөздер "операциялары үшін де" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Сондай-ақ төлем белгілеу коды бар, төлем сипатының атауы болмайтын "Зейнетақы төлемдері және жәрдемақылары" деп аталатын 0 бөлім бұған

кірмейді."

8. 8-тармақтағы "халықаралық стандарттарға (SWIFT)" деген сөздер "Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (ISO) стандарттарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 9-тармақтағы "Төлем белгілеу коды" деген жерде жасалады" деген сөздер "төлем белгілеу коды жасалады" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 13-тармақтың бірінші азатжолындағы "бастапқы" деген сөз алынып тасталсын.

11. 16-тармақтағы "құқылы" деген сөз "міндетті" деген сөзбен ауыстырылсын.

12. 18-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бірнеше төлем белгіленген операцияларды жүзеге асырған кезде төлем құжатына негізгі төлемді белгілейтін код қойылады."

13. Ереже мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Егер операция түрінің тақырыбы немесе төлем сипаты болып саналатын төлем белгілеу коды егжей-тегжейлі көрсетілсе, онда қоюға болмайды."

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы
N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан
Республикасының мемлекеттік жіктеушісін -
төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін
қолдану ережесіне
N 1 қосымша

ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ КОДТАРЫ

А

Халықаралық ұйымдар

- 1 Орталық Үкімет
 - 2 Аймақтық және жергілікті басқа органдары
 - 3 Орталық ұлттық банктер
 - 4 Басқа депозиттік ұйымдар
 - 5 Басқа қаржылық ұйымдар
 - 6 Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар
 - 7 Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар
 - 8 Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар
 - 9 Үй шаруашылығы
-

Ескерту:

Секторлар бойынша экономикалық қызметті бөлу өндірістік немесе тұтыну аясының қарапайым бірліктерін білдіретін мекемелік бірліктерді атап көрсету арқылы жүзеге асады және олар экономикалық шешімдерді (өндіріс және тұтыну мәселелері бойынша) өз бетінше қабылдау құқығымен және қаржы есепшоттарының қажетті жиынтығын жүргізумен ерекшеленеді. Әрбір жеке мекемелік бірліктің өзінің негізгі қызмет түріне сәйкес тұтастай бір экономика секторына қатысы бар. Осыған орай жіктеудің принциптері экономиканың қызметтің негізгі түріне сәйкес секторлар бойынша топтастырылатын айқын көрсетілетін мекемелік бірліктерден тұратынын негізге алады.

Сектор қызметтің негізгі бір түрімен айналысатын мекемелік бірліктер біріктірілген экономика секторының негізгі бөлімшесі болып табылады. Әрбір сектор экономиканың талдауға бейім маңызды бөлігі болып есептеледі және оның басқа секторлардан ерекшеленетін экономикалық сипаттамалары бар.

Мекемелік бірлік құқық бойынша активтерге ие бола алатын, өзіне міндеттемелер қабылдай алатын және басқа экономикалық секторлармен шаруашылық қызметпен және операциялармен айналыса алатын экономикалық бірлікті білдіреді.

Ережеде экономиканың мынадай секторлары қолданылады: мемлекеттік басқару органдары; қаржылық ұйымдар; қаржылық емес ұйымдар; үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар; үй шаруашылығы.

Мемлекеттік басқару органдары
"1" Орталық Үкімет;

"2" Аймақтық және жергілікті басқару органдары;

Қаржылық ұйымдар

"3" Орталық (ұлттық) банктер;

"4" Басқа депозиттік ұйымдар;

"5" Басқа қаржылық ұйымдар;

Қаржылық емес ұйымдар

"6" Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар;

"7" Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар;

Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар "8" Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар;

Үй шаруашылығы "9" Үй шаруашылығы.

"Мемлекеттік басқару органдары" секторы - ел аумағында орналасқан басқа мекемелік бірліктерге қолданылатын заң, сот немесе атқарушы билікке ие мекемелік бірліктер. Мемлекеттік басқару органдарының негізгі қызметіне мыналар жатады: тұтастай алғанда қоғамды және жеке үй шаруашылығын тауарлармен және қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге жауапкершілік: салық салу арқылы немесе басқа кірістер есебінен осыған қажетті қаржы қаражатын жинақтау; трансферттер арқылы кіріс пен байлықты қайта бөлу және рыноктық емес өндірісті жүзеге асыру. Осы секторға орталық үкімет ("1" коды), аймақтық және жергілікті басқару органдары ("2" коды) кіреді.

"1" коды республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын министрліктер, ведомстволар мен агенттіктер, ғылыми-зерттеу институттары, мекемелік бірліктер - Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенттері, мемлекеттік басқару органдары бақылау жасайтын және республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қорлар, сондай-ақ мемлекеттің бақылауындағы, мемлекеттік органдарға тән міндет атқаратын және рыноктық өндіріспен айналыспайтын басқа ұйымдарды білдіреді;

"2" коды облыс, қала және аудан деңгейінде басқару қызметін жүзеге асыратын мекемелік бірліктерді және аймақтық (жергілікті) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдарды білдіреді.

"Қаржылық ұйымдар" секторы - негізгі қызметі қаржылық делдалдық немесе қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты қосалқы қаржылық қызмет болып табылатын мекемелік бірліктер. Осы секторға орталық (ұлттық) банктер ("3" коды), басқа депозиттік ұйымдар ("4" коды) және басқа қаржылық ұйымдар ("5" коды) кіреді.

"3" коды қаржы жүйесінің негізгі аспектілеріне бақылау жасайтын және

ұлттық валютаның эмиссиясы, халықаралық резервтерді басқару, қаржылық ұйымдардың қызметіне қадағалау жасау сияқты қызмет жүргізетін мекемелік бірлікті білдіреді.

"4" коды негізгі қызмет түрі қаржылық делдалдық болып табылатын және олардың банктер болатынына-болмайтынына қарамастан, міндеттемелері депозиттердің немесе сол сияқтылардың (қолданыстағы ақшаның ұлттық сипаттауына кіретін депозиттердің жақын алмастырушылары) нысаны бар мекемелік бірліктерді білдіреді. Қазақстан Республикасында осы топқа екінші деңгейдегі банктер және кредиттік серіктестіктер жатады.

"5" коды түрлі делдалдық не қосалқы қаржылық қызмет көрсететін немесе қызметі қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты болатын, бірақ өздері делдалдардың қызметін атқармайтын осы сектордың қалған барлық мекемелік бірліктерін білдіреді. Бұл топқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары, ломбардтар, инвестициялық қорлар, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын кейбір ұйымдар және мемлекеттің бақылауындағы және/немесе қоғамдық не қайырымдылық қызметпен айналысатын ұйымдарды есептегенде, басқа қаржылық ұйымдар жатады.

"Қаржылық емес сектор" - негізгі қызмет түрі көбінесе рыноктық тауарлардың және қаржылық емес қызметтің өндірісі болып табылатын мекемелік бірліктер. Осы секторға мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар ("6" коды) және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар ("7" коды) жатады.

"6" коды көбінесе рыноктық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақылау жасайтын мекемелік бірліктерді білдіреді.

"7" коды көбінесе рыноктық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақылау жасамайтын мекемелік бірліктерді білдіреді.

Бұдан басқа осы топқа қызметі негізгі қызметінен кіріс табуды көздемейтін, қосалқы болып табылатын және негізгі корпорацияның қызмет көрсетуімен қатаң шектелген, екінші кезектегі (қосалқы ұйымдар) болып табылатын мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың өкілдіктері мен филиалдары жатады.

"Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар" секторы ("8" коды) - тауар шығаратын немесе қызмет көрсететін, бірақ осындай ұйымдарға бақылау жасайтын мекемелік бірліктерге кіріс немесе өзге қаржылық үлес түсірмейтін мекемелік бірліктер - және оларға мынадай мекемелік бірліктер жатады:

1) осындай ассоциациялардың мүшелерін тауарлармен немесе қызмет көрсетумен қамтамасыз ету үшін тұлғалардың ассоциациялары құратын бірліктер. Бұндай қызмет әдеттегідей тегін көрсетіледі немесе жүйелі мүшелік

жарналардың есебінен қаржыландырылады. Оларға саяси партиялар, кәсіподақтар, мешіттер, шіркеулер (храмдар) және діни қоғамдар, қоғамдық, мәдени, ойын-сауық және спорттық клубтар және басқалары жатқызылады.

2) негізгі қызмет түрі қайырымдылық көмек көрсету болып табылатын бірліктер. Оларға қоғам мүшелерінің мүдделеріне қызмет көрсету үшін қайырымдылық мақсатында құрылатын, зардап шеккендерге немесе мұқтаж адамдарға көмек көрсету жөніндегі қайырымдылық ұйымдар мен агенттіктер жатады. Осындай үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар рыноктық емес негізде өздеріне мұқтаж үй шаруашылықтарына тауарлар беру немесе қызмет көрсетумен айналысады. Үй шаруашылығына қызмет ететін осындай коммерциялық емес ұйымдардың қаражаты жұртшылықтан, мемлекеттік басқару органдарынан және резидент еместердің трансферттерінен түсетін ақшалай немесе заттай нысандағы қайырмалдық есебінен құралады (Мысалы, Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі қоғамдық қор, "Бөбек" балалар қоры).

"Үй шаруашылығы" секторы ("9" коды) жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өздерінің кірісі мен мүлкін (түгелдей немесе ішінара) біріктіретін және тауарлар мен қызметтің (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін және басқасын) белгілі бір түрлерін бірге пайдаланатын жеке тұлғалардың

(отбасылардың) шағын топтарынан құралатын мекемелік бірліктерді білдіреді. Сонымен қатар осы топқа заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды жатқызуға болады.

Қазақстанның резидент еместерінің экономика секторларын анықтаған кезде мынадай секторларды атап көрсету маңызды болып табылады:

"А"	Халықаралық ұйымдар;
"1"	Орталық Үкімет;
"3"	Орталық (ұлттық) банктер;
"4"	Басқа депозиттік ұйымдар;
"9"	Үй шаруашылығы.

Басқа ұйымдарды (басқа қаржылық ұйымдарды; мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдарды; үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдарды), сондай-ақ аталған ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін, егер экономика секторын ұйымның атауы бойынша осындай анықтау мүмкін болмаса, "7" секторының кодын белгілей отырып, экономиканың

бір секторына - мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдарға жатқызуға болады. Халықаралық ұйымдар мүше-мемлекеттер арасындағы саяси келісімдер негізінде қ ұ р ы л а д ы .

Бұндай келісім халықаралық шарттың мәртебесіне ие. Халықаралық ұйымдар құрудың мақсаты осы ұйымдар мүшелерінің ұжымдық пайдалануы үшін рыноктық емес қызмет көрсету және/немесе қаржылық делдалдықты жүзеге асыру немесе түрлі елдердің кредиторлары мен заемшылары арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлу болып табылады. Халықаралық ұйымдарға белгілі бір артықшылықтар мен жеңілдіктер бекітіледі; бұндай ұйымдарға өздері аумағында орналасқан елдердің заңдары мен нормалары қолданылмайды. Осыған орай, осындай мекемелер, өздері аумағында орналасқан немесе олардың қызметі қолданылатын елді қоса есептегенде, қандай болса да елдің резиденттері болып с а н а л м а й д ы .

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 388 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік жіктеушісін - төлем
белгілеудің бірыңғай жіктеушісін
қолдану ережесіне
N 2 қосымша

ТӨЛЕМ БЕЛГІЛЕУ КОДЫНЫҢ КЕСТЕСІ

ТТК !

Атауы

0 - Зейнетақы төлемдері және жәрдемақылар

001 Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның зейнетақы жарнасы сомасынан түскен комиссиялық сыйақысы

002 Зейнетақы қорының зейнетақы жарнасы сомасынан түскен комиссиялық сыйақысы (1 %)

- 003 Инвестициялық есепшотқа қайтарым
- 004 Зейнетақы төлеу есепшотына аударым
- 005 Депозиттер бойынша зейнетақы төлеуді (салымшылармен шарт бойынша) ұйымдастыру жөніндегі зейнетақы қорының комиссиясы
- 006 Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақысы (10 %)
- 007 Зейнетақы қорының инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақысы (10 %)
- 008 Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниясының шығынын өтеу
- 009 Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниясының уақтылы инвестиция жасамағаны үшін өсімпұлы
- 010 Міндетті зейнетақы жарнасы
- 011 Жинақтаушы зейнетақы қорының төлемдері
- 012 Жеңілдікпен (жедел) берілген зейнетақы
- 013 Ерікті зейнетақы жарнасы
- 014 Жинақтаушы зейнетақы қорларының арасындағы зейнетақы жинағының аударымы
- 016 Банктің зейнетақыға артық берілген қаржыны қайтаруы
- 017 Мемлекеттік қызметкерлер-зейнеткерлерге бюджеттен өтеу
- 018 Зейнетақы жарналарына есептелген инвестициялық кіріс
- 019 Міндетті зейнетақы жарнасын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл
- 020 Зейнетақыдан ұстап қалу
- 021 Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан қате аударылған төлемдерді қайтару
- 030 Республикалық бюджеттен түскен трансферттер
- 031 Банктің қате төлемдерді қайтаруы
- 032 Жинақтаушы зейнетақы қорларының қате аударылған соманы қайтаруы
- 033 Зейнетақылар
- 034 Мүгедектігі жөнінде жәрдемақы
- 035 Мүгедектігі жөнінде жәрдемақыны қайтару
- 036 Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін жәрдемақы
- 037 Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін жәрдемақыны қайтару
- 038 Жасына байланысты жәрдемақы
- 039 Жасына байланысты жәрдемақыны қайтару
- 040 Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектерін жерлеуге берілетін жәрдемақы
- 041 Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектерін жерлеуге берілетін жәрдемақыны қайтару

- 042 Мемлекеттік арнайы жәрдемақыны алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақы
- 043 Мемлекеттік арнайы жәрдемақыны алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақыны қайтару
- 044 Мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлемдері
- 045 Мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлемдерін қайтару
- 050 Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және ІІБ қызметкерлеріне арнайы жәрдемақы
- 051 Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
- 052 Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
- 053 Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға
- 054 Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға
- 055 Ұлы Отан соғысында қайтыс болған әскерлердің жесірлеріне
- 056 Қайтыс болған әскери қызметшілер мен ІІБ қызметкерлерінің отбасыларына
- 057 Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдеріне (ерлеріне)
- 058 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қайсарлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен және медальдермен марапаттаған адамдарға
- 059 Басқалары
- 060 Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және ІІБ қызметкерлеріне арнайы мемлекеттік жәрдемақыны қайтару
- 061 Ұлы Отан соғысының қатысушылары бойынша
- 062 Ұлы Отан соғысының мүгедектері бойынша
- 063 Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар бойынша
- 064 Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар бойынша
- 065 Ұлы Отан соғысында қайтыс болған әскерлердің жесірлері бойынша
- 066 Қайтыс болған әскери қызметшілер мен ІІБ қызметкерлерінің отбасылары бойынша
- 067 Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдері (ерлері) бойынша
- 068 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қайсарлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен және медальдермен марапаттаған адамдар бойынша
- 069 Басқалары
- 070 Басқа санаттағы азаматтарға берілетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы
- 071 1 және 2 топтағы мүгедектерге
- 072 3 топтағы мүгедектерге
- 073 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
- 074 Көп балалы аналарға
- 075 Ақталған азаматтарға
- 076 Ерекше қызметі үшін зейнетақы алатын адамдарға
- 077 Басқалары

- 080 Басқа санаттағы азаматтарға арнайы мемлекеттік жәрдемақыны қайтару
- 081 1 және 2 топтағы мүгедектерге
- 082 3 топтағы мүгедектерге
- 083 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
- 084 Көп балалы аналарға
- 085 Ақталған азаматтарға
- 086 Ерекше қызметі үшін зейнетақы алатын адамдарға
- 087 Басқалары
- 088 Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинағы бойынша кредиторлық қарыздарын өтеу
- 090 Басқа төлемдер

1 - Ерекше аударымдар

- 110 Өтеусіз аударымдар
- 111 Емделуге арналған аударым
- 112 Оқытуға арналған аударым
- 119 Басқалары
- 120 Мүшелік жарнамалар
- 130 Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру
- 140 Филиалдар мен өкілдіктердің қаржыны қайтаруы
- 150 Банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша транзиттік аударымдар
- 160 Нетто-айқындамалары бойынша есеп айырысулар
- 170 Кепілдік жарна
- 180 Кепілдік жарнаны қайтару
- 190 Басқа да аударымдар

2 - Шетел валютасымен және қымбат металдармен жүргізілетін операциялар

- 210 Сатып алу
- 211 Шетел валютасын теңгеге
- 212 Монетарлық алтынды
- 219 Басқа да қымбат металдарды
- 220 Сату
- 221 Шетел валютасын теңгеге
- 222 Монетарлық алтынды
- 229 Басқа да қымбат металдарды
- 230 Шетел валютасын айырбастау
- 290 Басқа да төлемдер

3 - Депозиттер

- 310 Депозиттерді орналастыру
- 311 Талап етілгенге дейін
- 312 Қысқа мерзімдік (1 жылдан астам емес)
- 313 Орташа мерзімдік (1 жылдан астам және 3 жылдан астам емес)
- 314 Ұзақ мерзімдік (3 жылдан астам)
- 319 Басқа да депозиттер
- 320 Депозиттен алу
- 321 Талап етілгенге дейін
- 322 Қысқа мерзімдік (1 жылдан астам емес)
- 323 Орташа мерзімдік (1 жылдан астам және 3 жылдан астам емес)
- 324 Ұзақ мерзімдік (3 жылдан астам)
- 329 Басқа да депозиттер
- 390 Басқа да төлемдер

4 - Кредиттер

- 410 Кредиттер беру
- 411 Қысқа мерзімдік (1 жылдан астам емес)
- 412 Орташа мерзімдік (1 жылдан астам және 3 жылдан астам емес)
- 413 Ұзақ мерзімдік (3 жылдан астам)
- 419 Басқа да кредиттер
- 420 Кредиттерді өтеу
- 421 Қысқа мерзімдік (1 жылдан астам емес)
- 422 Орташа мерзімдік (1 жылдан астам және 3 жылдан астам емес)
- 423 Ұзақ мерзімдік (3 жылдан астам)
- 424 Қаржы лизингі
- 429 Басқа да кредиттер
- 490 Басқа да төлемдер

5 - Қазақстан Республикасының резидент еместері шығарған бағалы қағаздар, вексельдер және депозиттік сертификаттары және шетел капиталына инвестициялар

- 510 Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу, өтеп алу
- 520 Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу
- 521 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 522 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 529 Басқалары

- 530 Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
- 531 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 532 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 539 Басқалары
- 540 Корпоративті борыштық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттарды сатып алу
- 541 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі вексельдер
- 542 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі вексельдер
- 543 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі депозиттік сертификаттар
- 544 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі депозиттік сертификаттар
- 545 Облигациялар
- 548 Басқалары, 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 549 Басқалары, 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 550 Корпоративті борыштық бағалы қағаздарды, вексельдерді және депозиттік сертификаттарды өтеу
- 551 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі вексельдер
- 552 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі вексельдер
- 553 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі депозиттік сертификаттар
- 554 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі депозиттік сертификаттар
- 555 Облигациялар
- 558 Басқалары, 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 559 Басқалары, 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 560 Капиталға инвестициялар және бағалы қағаздар бойынша шығыс
- 561 Бөлінген таза кіріс және дивидендтер
- 562 Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы (процентпен)
- 563 Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар, вексельдер және депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы
- 570 Бағалы қағаздармен кері РЕПО операцияларын ашу
- 580 Бағалы қағаздармен РЕПО операцияларын жабу
- 590 Басқа да төлемдер

6 - Қазақстан Республикасы резиденттері шығарған бағалы қағаздар мен вексельдер және қазақстан капиталына инвестициялар

- 610 Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу, өтеп алу
- 620 Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу
- 621 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 622 1 жылдан астам өтеу мерзімімен және 3 жылға дейін

- 623 3 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 629 Басқалары
- 630 Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу
- 631 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 632 1 жылдан астам өтеу мерзімімен және 3 жылға дейін
- 633 3 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 639 Басқалары
- 640 Корпоративтік борыштық бағалы қағаздарды және вексельдерді сатып алу
- 641 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі вексельдер
- 642 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі вексельдер
- 645 Облигациялар
- 648 Басқалары, 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 649 Басқалары, 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 650 Корпоративті борыштық бағалы қағаздар мен вексельдерді өтеу
- 651 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімдегі вексельдер
- 652 1 жылдан астам өтеу мерзімдегі вексельдер
- 655 Облигациялар
- 658 Басқалары, 1 жылға жетпейтін өтеу мерзімімен
- 659 Басқалары, 1 жылдан астам өтеу мерзімімен
- 660 Капиталға инвестициялар және бағалы қағаздар бойынша шығыс
- 661 Бөлінген таза кіріс және дивидендтер
- 662 Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы (процентпен)
- 663 Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар және вексельдер бойынша сыйақы
- 670 ҚР резиденттері шығарған бағалы қағаздарымен кері РЕПО операцияларын ашу
- 671 Мемлекеттік бағалы қағаздармен
- 672 Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар және вексельдермен
- 680 ҚР резиденттері шығарған бағалы қағаздарымен РЕПО операцияларын жабу
- 681 Мемлекеттік бағалы қағаздармен
- 682 Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар және вексельдермен
- 690 Басқа да төлемдер

7 - Тауарлар және материалдық емес активтер

- 710 Инвестициялық тауарлар үшін төлемдер
- 720 Басқа да тауарлар үшін төлемдер
- 730 Материалдық емес активтерді сатып алу
- 740 Тауарларды жөндеуге арналған төлемдер (компьютерлерді жөндеу және

құрылыстық жөндеуден басқа)

780 Ұсынылмаған тауарларға арналған қаржыны қайтару

790 Басқа да төлемдер

8 - Қызмет

810 Көлік

811 әуе жолаушыларына арналған

812 әуе жүктеріне арналған

813 Басқа да әуе қызметтеріне арналған

814 Теміржол жолаушыларына арналған

815 Теміржол жүктеріне арналған

816 Басқа да теміржол қызметтеріне арналған

817 Көліктің басқа түрлері - жолаушыларға арналған

818 Көліктің басқа түрлері - жүктерге арналған

819 Көліктің басқа түрлері - басқаларына арналған

820 Құрылыс қызметі

830 Сақтандыру қызметі

831 Өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру сыйақысы (жарна)

832 Өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандырудың орнын толтыру

833 Басқа сақтандыру сыйақысы

834 Басқа сақтандыруларды өтеу

835 Қайта сақтандыруға беру

836 Қайта сақтандыруды өтеу

837 Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы

839 Басқалары

840 Қаржылық қызмет көрсету

850 Басқа да іскерлік қызмет көрсету

851 Компьютерлік және ақпараттық қызметтер

852 Байланыс қызметтері

853 Роялти және лицензиялық төлемдер

854 Сауда мәмілелері бойынша делдалдардың қызметтері

855 Операциялық лизинг (ағымдағы жалдау)

856 Коммуналдық қызметтер

859 Іскерлік, кәсіби және техникалық әртүрлі қызметтер

860 Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдени демалыс саласындағы қызмет

861 Білім беру қызметі

862 Медициналық қызмет

869 Басқалар

870 Жол жүру

880 Көрсетілмеген қызмет үшін қаржыны қайтару

890 Басқа төлемдер

9 - Бюджетке және бюджеттен төлемдер

900 Бюджетке және бюджеттен төлемдер

Ескерту:

0 бөлім - "Зейнетақы төлемдері және жәрдемақы"

Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу, қайтару - жерасты және ашық тау-кен жұмыстарында, өте зиянды жұмыстарда және өте ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істеген адамдарға.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша кредиттік берешегін өтеу - Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының (МЖЗҚ) салымшыларына МЖЗҚ-ға бұрын есептелген соманы қайтару себебін анықтағаннан кейін төлемдер мен жинақталған зейнетақы қаражаты аударымдарын екінші рет аударым жасау. Төлем белгілеудің бұл коды МЖЗҚ-ға ғана қолданылады.

1-бөлім - "Ерекше аударымдар"

Өтеусіз аударымдар (трансферттер), жеке тұлғалардың есепшот ашусыз жасалған біржолғы аударымдарын қоса алғанда.

Емделуге және білім алуға аударымдар - бенефициардың болашақта білім алуға және емделуге пайдалануына арналған өтеусіз аударымдар, яғни бенефициардың өзі медициналық және білім беру қызметін ("Қызметтер" бөлігінде көзделген) көрсетуші болып табылмайды.

Басқа да өтеусіз аударымдар - түрлі сипаттағы өтеусіз аударымдар: сыйлықтар, алименттер, демеушілік көмек және т.б., сатылған лоторея билеттері және олар бойынша ұтыстар.

Мүшелік жарналар - ұйымның капиталына қатысуды қамтамасыз етпейтін, бірақ ұйымның қандай болса да қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін жарналар. Мысалы: S.W.I.F.T акциялары (Халықаралық банкаралық қаржы коммуникациялары қауымдастығы) электронды байланысты пайдалану мүмкіндігін береді, бірақ компанияның өзінің капиталына қатысуын қамтамасыз

е т п е й д і .

Филиалдар мен өкілдіктерді қаржыландыру және филиалдар мен өкілдіктердің қаражатты қайтаруы - бас компаниялар мен оның заңды тұлға болып табылмайтын бөлімшелері арасындағы тікелей аударымдар.

Банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша транзиттік аударымдар - делдал банк арқылы шет елдік банктер Қазақстанның банктеріне төлем жасаған кезде қойылады. Транзиттік төлемді алған кезде бенефициардың банкі болашақта шет елдерден алынған төлемдер бойынша мәліметтер беру үшін төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісінің шынайы кодын қояды. Бенефициар банкі осы төлемнің қажетті деректемелерін сатылған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін ақы төленетін клиенттер арасындағы шарттың негізінде жазады.

Нетто-позициялар бойынша есептеулер - клиринг ұйымдарының есеп айырысу ұйымына таза позициялар аударуы.

Кепілді жарна - конференцияларға, аукционға, тендерге қатысу үшін төленетін бастапқы жарна.

Басқа аударымдар - аударым жасау кезінде құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда, бұрын ескерілмеген төлемдер.

2-бөлім - "Шет ел валютасымен және қымбат металдармен жасалатын операциялар"

Сатып алу - алдын ала төлемді қоса алғанда, теңгеге және қымбат металдарға шет ел валюталарын сатып алу.

Шет ел валюталарын айырбастау - бір шет ел валютасын басқа шет ел валютасына сатып алу/сату.

Басқа төлемдер - шет ел валютасымен және қымбат металдармен операциялар жасаған кезде құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда бұрын ескерілмеген төлемдер.

3-бөлім - "Депозиттер" (Қазақстанның резиденттері шығарған депозиттік сертификаттар)

Депозиттерді орналастыруға, сондай-ақ банктердің клиенттерінің есепшоттарына ақша есептеу де кіреді.

Депозиттен алу - меншік құқығын басқа тұлғаға көшірместен қаражат аудару не қолма-қол ақша алу. Бұл бөлімге алдын ала төлем жасау мен негізгі депозит сомасы бойынша және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек төлемдерін қоса алғанда, сыйақы есептелген негізгі борыш төлемдері, есептелген сыйақы кіреді. Бұған тауарлар, қызметтер және басқалар үшін өзге тұлғаларға жасалған

төлемдер кірмейді. Мысалы: клиенттің бір банктегі өзінің есепшотынан басқа банктегі есепшотына аударымы, банктің бір банктегі өзінің корреспонденттік есепшотынан басқа банктегі корреспонденттік есепшотына аударымы.

Талап ету депозитіне банктердің корреспонденттік есепшоттарындағы, ағымдағы есепшоттар мен клиенттердің талап ету депозиттік есепшоттарындағы
а қ ш а к і р е д і .

Басқа депозиттер - кепілді депозиттер, клиенттердің арнайы және басқа депозиттері .

Басқа төлемдер - құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда, бұрын ескерілмеген депозиттер бойынша төлемдер.

4-бөлім - "Кредиттер"

Кредитті өтеуге, сондай-ақ алдын ала төлем жасауды және негізгі борыш бойынша және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті қоса алғанда сыйақы төлемі де кіреді. Сондай-ақ кредит бойынша, олар жеке төлем құжаттарымен ресімделмеген жағдайда өзге де ілеспе төлемдер (мысалы: қызмет көрсетуші банкке комиссиялық сыйақылар) кіреді.

Басқа кредиттер - мерзімі көрсетілмеген кредиттер және басқа да көзделмеген кредит түрлері.

Басқа төлемдер - құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда бұрын ескерілмеген кредиттер бойынша төлемдер.

5, 6-бөлім - "Бағалы қағаздар"

"Капиталына қатысуын қамтамасыз ететін басқа бағалы қағаздарға" пайлар туралы куәліктер, қатысу сертификаты жатады.

Басқа төлемдер - құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда бұрын ескерілмеген бағалы қағаздар бойынша төлемдер.

7-бөлім - "Тауарлар және материалдық емес активтер"

Бұл бөлімге "Шет елдік валюта және қымбат металдар" бөліміне жатқызылған қымбат металдар кірмейді.

Тауар үшін төлем жасауға, сондай-ақ алдын ала төлемдер (аванстық төлемдер) кіреді.

Инвестициялық тауарлар - жер, үй-жайлар мен ғимараттар, машиналар, құрал-жабдықтар мен механизмдер, беріліс құрылғылары, көлік құралдары.

Басқа тауарлар - шикізаттар мен материалдар, жартылай дайын өнім және жинақтаушы бұйымдар, отын және электр энергиясы, ыдыс және ыдыс материалдары, қосалқы бөлшектер, құрылыс материалдары, кеңсе тауарлары, тамақ өнімдері, тұрмыстық аспаптар, киім-кешек, аяқ киім және басқалары.

Тауар жөндеуге үй-жайлар мен ғимараттар жөндеуден (құрылыс қызметіне жатқызылған) және компьютер жөндеуден (компьютерлік және ақпараттық қызметке жатқызылған) басқа кез келген тауарлардың жөндеу (күрделі немесе ағымдағы) құны кіреді.

Материалдық емес активтер - жеке меншікке сатып алынған материалдық емес активтер (патенттер, бағдарламалық қамтамасыз етулер, гудвилл және т.б.). Материалдық емес активтерді пайдалану құқығын сатып алу "Роялти және лицензиялық төлемдер" қызметі бабы бойынша көрсетіледі.

Берілмеген тауарлар үшін қаражатты қайтаруға, сондай-ақ берілмеген материалдық активтер үшін және тауар жөндеу бойынша көрсетілмеген қызмет үшін қаражатты қайтару да кіреді.

Басқа төлемдер - құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда бұрын ескерілмеген тауарлар бойынша төлемдер.

8-бөлім - "Қызметтер"

Көрсетілген қызмет үшін төлемдерге, сондай-ақ алдын ала төлемдер (аванстық төлемдер) жатқызылады.

Көлік қызметіне барлық көлік түрлерінің (теңіз, әуе, темір жол, автомобиль, құбыр) тасымалы кіреді. Бұларға жүк тасымалы, жолаушылар тасымалдау, сондай-ақ басқа да (ілеспе және қосалқы) көлік қызметтері жатады.

Жүк тасымалы - көлік компанияларының транзиттік және пошта тауарларын тасымалдауды, сондай-ақ жүк тасымалдау мақсатында экипажбен қоса көлік құралдарын жалдауды қоса алғанда жүк тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтер.

Жолаушылар тасымалдау - көлік компанияларының жолаушылар тасымалдау бойынша көрсететін қызметтері: жол жүру ақысы (билеттің құны) және жолаушыға тиесілі артық жүкті және басқа мүлікті тасымалдағаны, сондай-ақ жолаушылар тасымалдау мақсатында экипажбен қоса көлік құралдарын жалдау үшін ақы төлеу.

Басқа көлік қызметтері - порттық алымдар, тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және қоймаға жинау, навигациялық қызметтер, көлік құралдарына қосалқы

қызмет көрсету және т.б., сондай-ақ жүк және жолаушы тасымалдауға байланысты агенттік қызметтерге комиссиялық алымдар мен ақы төлеу. Басқа көлік түрі бойынша көлік қызметін бөлу мүмкіндігі болмаған жағдайда 819 төлем белгілеу коды қолданылады.

Құрылыс қызметі - құрылыс объектілерін салу және құрал-жабдықтарды монтаждау, сондай-ақ үй-жайлар мен ғимараттарды жөндеу. Сонымен қатар объектілерді салу кезінде сатып алынатын және пайдаланылатын тауарлардың құны құрылыстық қызметтер бабы бойынша ескеріледі.

Сақтандыру қызметтері - сақтандыру компаниялары жүзеге асыратын барлық сақтандыру түрлері, сондай-ақ қайта сақтандыру бойынша қызметтер.

Басқа сақтандыру қызметтеріне, сондай-ақ сақтандыру агенттеріне төленетін комиссиялық төлемдерді қоса алғанда қосалқы сақтандыру қызметтері кіреді.

Қаржы қызметтері - кредиттер мен несие беруге (қаржы лизингін қоса алғанда), аккредитивтермен, банктік акцептермен, фьючерстік тауар мәмілелерімен, шетелдік валюталармен және т.б. операциялармен байланысты делдалдық және қосалқы қызметтер, оның ішінде трансфер-агенттік (сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорларының қызметтерін қоспағанда) қызметтер, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыларға комиссиялық сыйақы (брокерлер, тіркеушілер, активтерді басқару жөніндегі компаниялар және т.б.) .

Басқа іскерлік қызметтер

Компьютер және ақпарат қызметтері - деректерді және ақпараттық хабарларды өңдеу жөнінде қызмет көрсету бойынша операциялар. Оған мыналар жатқызылады: мәліметтер базасы - құру, сақтау және мәліметтер жиынтығымен нақты уақыт режимінде жұмыс жасау; деректерді табуляция жасауды, деректерді компьютерлік уақытты ұжымдық пайдалану режимінде немесе сағаттық кесте негізінде өңдеу, тұрақты негізде сыртқы пайдаланушылардың есептеу жиынтығын басқару; компьютер техникасы және жабдықтау саласындағы консалтинг; нақты тапсырыс берушілер жүйесін өңдеу мен бағдарламалауды қоса алғанда, бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу; компьютерлерді және шалғайдағы құрылғыларды пайдалану мен жөндеу; бұқаралық ақпарат құралдарын жаңалық мәліметтерімен, фотография материалдарымен және тақырыптық мақалалармен қамтамасыз етуді қоса алғанда ақпарат агенттіктерінің қызметтері; мерзімдік басылымдарға тікелей (жеке) жазылым жүргізу .

Байланыс қызметі - телекоммуникация қызметтері (телефон, телекс, телеграф , телерадио хабарлары, электронды пошта, спутниктік және факсимильді байланыс және т.б.), пошта қызметі мен курьерлік байланыс қызметін көрсету (хат-хабарларды, жіберілімдерді, газеттерді, мерзімдік басылымдарды және т.б.

ж и н а у м е н ж е т к і з і п б е р у) .

Роялти және лицензиялық төлемдер - материалдық емес активтерді және меншік құқығын (патент, авторлық құқық, сауда белгілері, технологиялық процестер, бағдарламалық қамтамасыз ету және тағы сол сияқтыларды) заңды негізде пайдалану және түпнұсқалар мен көшірмелерді (қолжазба, фильм және т.б. сияқтыларды) немесе тәжірибелік үлгілерді пайдалану (лицензиялық келісім негізінде) пайдаланғаны үшін төлемдер.

Сауда мәмілелері бойынша делдалдардың қызмет көрсетуі - теңіз және әуе кемелеріндегі сауда мәмілелерін және аукциондық мәмілелерді қоса есептегенде, тауарлар және қызмет көрсетумен болған сауда мәмілелерінен түскен сауда-делдалдық фирмалардың, брокерлердің, дилерлердің, сауда агенттерінің к о м и с с и я л ы қ а л ы м д а р ы .

Операциялық лизинг (ағымдағы жалдау) - қызметкерсіз жабдық лизингі (қаржылық лизингі есептемегенде), экипажсыз көлік құралдарын жалға беру (чартер), үй - жайларды жалдау.

Коммуналдық қызмет - заңды және жеке тұлғалардың коммуналдық қызмет үшін төлемдері. Коммуналдық қызметке жеке тұлғалар ақы төлеген кезде төлем белгілеу коды қойылмайды.

Түрлі іскерлік, кәсіби және техникалық қызметтер мынадай қызмет түрлері бойынша операцияларды қамтиды:

- заң, аудиторлық және бухгалтерлік қызмет, кеңес беру және консультация, құжаттар беру мен дайындау түріндегі басқару және жұртшылықпен байланыс саласындағы консультациялық қызмет және т.б.;

- жарнама және рынок конъюнктурасын зерделеу саласындағы қызметке жарнамалық агенттіктердің жарнамалар әзірлеуі, жасауы және сатуы, жарнама беру уақытын сатып алу мен сатуды қоса алғанда жарнамаларды бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру; көрмелер мен сауда жәрмеңкелерін өткізу; тауарға жарнама жасау; рынокты зерделеу және түрлі мәселелер бойынша сұрақ - жауап жұмысын жүргізу;

- ғылыми-зерттеу жұмыстар және тәжірибелік-құрастырушылық әзірлемелерге бұйымдар мен технологиялардың жаңа түрлерін жасау мақсатындағы іргелі зерттеулер, қолданбалы және тәжірибелік әзірлемелерді өткізу жөніндегі қызмет, нақты және гуманитарлық ғылымдар саласындағы тиісті жұмыстар, сондай-ақ техникалық жаңалықтар болып табылатын операциялық жүйелерді әзірлеу;

- сәулет, инженерлік және өзге техникалық қызметке сәулет және құрылыс жобаларын әзірлеу, геологиялық барлау, картаға түсіру, өнім сапасын тексеру және оған сертификат беру, техникалық бақылау, электр энергиясын беру және т а р а т у ;

- ауыл шаруашылығы, пайдалы қазбалар өндіру және өнімді сол жерде қайта өңдеу саласындағы қызметке ауыл шаруашылық дақылдарын (мысалы, өсімдіктерді аурулардан және зиянкестерден қорғау, өнімділікті арттыру) өсіру; орман шаруашылығы; пайдалы қазбалар өндіру (кен құрамын талдау және т.б.); импорт (экспорт) бойынша келіп түскен (жіберілген) және реэкспортқа (реимпортқа) келмейтін өнімді қайта өңдеу және өңдеу, мысалы, ядролық қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қызмет көрсету;

- осы санатқа жататын басқа қызметке кадрларды іріктеу, күзет және қауіпсіздік, аударма, суретке түсіру, үй-жайлардың алдын тазарту, кедендік ресімдеу және визаларды ресімдеу жөніндегі қызмет, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының қызметі, сондай-ақ жоғарыда атап көрсетілмеген қызметтер кіреді.

Жеке адамдарға қызмет көрсету және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет.

Өзге қызметтерге - фильмдерді, радио- және телебағдарламалар жасау және музыкалық шығармалардың жазбасын жасау жөніндегі қызмет; гастрольдер, театр, музыкалық, спорттық және цирк қойылымдарын жасаумен байланысты актерлерге, режиссерлерге еңбекақы төлеу; мұражайлар, кітапханалар, архивтердің жұмысымен байланысты және спорттық шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулер жатады. Бұдан басқа осы санатта касетаның құнымен қоса, бұқаралық ақпарат құралдарының бейне- және радио жазбаларды тарату (көрсету) құқығын жалға беруден, сатудан түсетін төлемдер мен түсімдер есепке алынады. Жол жүруге жол құнын (билеттерді) есептемегенде, іссапар шығыстары, сатып алынған туристік жолдамалардың құны кіреді.

Басқа төлемдер - құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда қаражаттың қайтарылуын қоса есептегенде, бұрын есепке алынбаған қызмет жөніндегі төлемдер.

9-бөлім - "Бюджетке төленетін және бюджеттен алынатын төлемдер"

Осы бөлімге бюджетке төлемдер, бюджеттен төленетін төлемдер (зейнетақылар мен жәрдемақылардан басқа) мен құқық қорғау және күш қолдану органдарының төлемдері.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы N 388 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік
жіктеушісін-төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін

қолдану ережесіне

№ 3 қосымша

Электрондық - бір айлық

"Қазақстан Республикасының банкаралық есеп айырысу

орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар

Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкіне есеп беру кезеңі үшін

айдың 10-на дейін ұсынады.

2000 жылдың _____ айы үшін ҚБЕО арқылы өткен банкаралық
төлемдер бойынша
МӘЛІМЕТ

Ақпарат!Қабылдап!Бенефициар!Келіп ! Ақшаны ! Бенефициар! Егжей-
көзі ! алушы ! банктің !түскен ! жіберуші ! !

!банктің ! ББК !және !-----!-----!-----

! ББК ! !шығыс !рези.!эко. !рези.!эко. !Төлем !

! ! !төлем. !дент.!номи.!дент.!номи.!белгілеу!

! ! !дерінің!тік !ка !тік !ка !коды !

! ! !белгісі!белгі!сек. !белгі!сек. ! !

! ! ! ! !торы ! !торы ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 !

1 х х

1 х х

таблицаның жалғасы:

тегжейлі !

-----!
Есеп беру !Төлем сомасы!Төлем валютасы! Ел !

кезеңіндегі ! (мың) ! ! !

төлемдер саны! ! ! !

-----!
10 ! 11 ! 12 ! 13 !

x x !
x x !

" " _____ 2000 жыл Басшы _____

_____ Бас бухгалтер _____
орындаушының аты-жөні, телефон нөмері

Ескерту:

1. Мәліметтер Қазақстан Республикасының банкаралық есеп айырысу орталығы белгілеген жіберу форматтарымен электронды түрде ұсынылады.
2. Мәліметтің өз уақытында ұсынылу жауапкершілігі Басшыға жүктеледі.

Мәліметтің толтырылуы бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ

ҚБЕО арқылы жүргізілген (бұдан әрі - ҚБЕО мәліметі) банкаралық төлемдер бойынша мәліметтер Қазақстан аймағындағы ҚБЕО арқылы жүргізілген ақша ағынын көрсету үшін, сондай-ақ төлем белгілеу бойынша жіктеу ағынына арналған.

ҚБЕО мәліметін ҚБЕО арқылы операциялар жүргізетін бойынша барлық қолданушылар бойынша әр ай сайын жасалады.

ҚБЕО мәліметтері төлем туралы төмендегідей ақпараттар енгізілген 13 бағаннан тұрады:

1 баған - ақпарат көзі. Бұл жол ҚБЕО бойынша алынған деректі білдіреді, бұл жолда 1 саны қойылады.

2 баған - Қабылдап алушы банктің Банктік бірегейлендірілген коды (ББК).

3 баған - толтырылмайды.

4 баған - толтырылмайды.

5 баған - Ақша жіберушінің резиденттігінің белгісі.

6 баған - Ақша жіберушінің экономика секторының коды.

7 баған - Бенефициардың резиденттігінің белгісі.

8 баған - Бенефициардың экономика секторының коды.

9 баған - төлем белгілеудің коды.

10 баған - Есепті кезең үшін төлем саны. Бастапқы 0 белгісі қабылданады. Бір төлем бағанын көрсету кезінде 1 мәні қабылданады. Егер жаңа төлемнің параметрі 2, 5, 6, 7, 8, 9 бағандарымен сәйкес болса сол бағандағы белгі 1-ге, ал 11 бағандағы белгі жаңа төлемнің сомасына көбейеді.

11 баған - мың. теңгедегі төлем сомасы (үтірден кейінгі бір белгі дөңгелектеп алынады).

12 баған - толтырылмайды.

13 баған - толтырылмайды.

Ескерту:

Орталық депозитарлы бағалы қағаздар, Қазақстан қор биржасы, ЖШС "Тимей" қаржылық-өндірістік компаниясы", Алматы клирингілі палатасы және басқалар арқылы жүргізілетін бағалы қағаздар бойынша, валюта бойынша және нетто- позиция есебі бойынша операцияны ҚБЕО арқылы жүргізу кезінде ҚБЕО мәліметінде сол операциялар қабылдап алушы банк бойынша көрсетіледі. Бұл ретте ақша жіберуші сияқты көрсетілген ұйымдар ҚБЕО есебінде көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388
қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай
жіктеушісін қолдану ережесіне
N 4 қосымша

Кім ұсынады _____ ББК _____

Атауы

Электронды - бір айлық
"Қазпошта" ААҚ және екінші деңгейдегі банктер
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкке
келесі есепті кезең үшін айдың 10-на дейін
ұсынады

20__ жылдың _____ айы үшін аударым және төлем бойынша
МӘЛІМЕТ

Ақпарат!Қабылдап!Бенефициар!Келіп ! Ақшаны ! Бенефициар! Егжей-
көзі ! алушы ! банктің ! түскен ! жіберуші ! !

!банктің ! ББК !және !-----!-----!-----
! ББК ! !шығыс !рези.!эко. !рези.!эко. !Төлем !
! ! !төлем. !дент.!номи.!дент.!номи.!белгілеудің!
! ! !дерінің!тік !ка !тік !ка !коды !
! ! !белгісі!белгі!сек. !белгі!сек. ! !
! ! ! ! !торы ! !торы ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 !

1
1

таблицаның жалғасы:

тегжейлі !

-----!
Есепті !Төлем сомасы!Төлем валютасы! Мемлекет !
кезең үшін ! (мың) ! ! !
төлем саны ! ! ! !

-----!
10 ! 11 ! 12 ! 13 !

" " _____ 2000 жыл Басшы _____

_____ Бас бухгалтер _____
орындаушының аты-жөні, телефон нөмері

Ескерту:

1. Мәліметтер Қазақстан Республикасының банкаралық есеп айырысу орталығының тапсыру форматтарында бекітілген электронды түрде ұсынылады.
2. Мәліметтің мезгілінде ұсынылу жауапкершілігі Басшыға жүктеледі.

МӘЛІМЕТТЕРДІ ТОЛТЫРУ БОЙЫНША Н Ұ С Қ А У Л Ы Қ

"Қазпошта" және екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) мәліметтері Қазақстаннан шығатын және келіп түсетін ақша ағынына, сондай-ақ Қазақстан аймағында жүргізілетін және төлем белгілері бойынша ағын жіктеуішін көрсету үшін арналған.

Мәліметтер банк және немесе "Қазпошта" ААҚ жүйесі бойынша төлем құжаттары негізінде ай сайын жалпы толтырылады.

"Қазпошта" және ЕДБ мәліметі:

А) Ностро корреспонденттік есепшоттар бойынша және Лоро шетелдік банктіктердің есепшоттары бойынша жүргізілген банкаралық төлемдер бойынша, соның ішінде "Қазпошта" жүргізген пошталық операциялар бойынша жасалады. Келесі баланстық есепшотты Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің Жоспарына қолдануға болады:

1052*4* - басқа банктердегі корреспонденттік есепшот (активті),

201324* - шетелдік банктердегі корреспонденттік есепшот (пассивті),

202324* - шетелдік банктердегі корреспонденттік есепшот (пассивті),

Б) Банк ішіндегі төлемдер бойынша, соның ішінде "Қазпошта" ААҚ жүргізген пошталық операциялар бойынша.

Мәлімет төлем туралы мынадай ақпараттар енгізілген 13 бағаннан тұрады:

1 - баған - ақпарат көзі. Бұл жол алынған ақпараттар дерегін және ЕДБ есебі бойынша көрсетеді. Бұл жолға 1 саны қойылады.

2 - баған - Банктік бірегейлендірілген коды. Қабылдап алушы Банктің (ББК) коды.

3 - баған - Банк-бенефициардың ББК. ЕДБ мәліметтерінде бір банктің екі клиенті арасында жүргізілген операция бойынша ақпараттарды көрсету кезінде 3 бағаны толтырмайды.

Шетелдік банктің ББК халықаралық төлем жағдайында (3 баған және 2 баған) қажетті ақпараттар болған кезде толтырылады.

4 - баған - Бастапқы және шығыс төлемдерінің белгісі (есеп беретін банктер үшін). Бұл баған мынадай үлгіде толтырылады:

1 - есеп беретін банктен Қазақстан банктеріне жіберілген тікелей корреспонденттік есепшот бойынша төлем;

2 - есеп беретін банктен шетелдік банктерге жіберілген тікелей корреспонденттік есепшот бойынша төлем;

3 - есеп беретін банк шетелдік банктен алған тікелей корреспонденттік есепшот бойынша төлем;

4 - клиенттер есепшоттары бойынша банк ішінде жүргізілген төлем. Бұл ретте есеп беруші банк бір мезгілде және банк алушы және банк бенефициар болып табылады. Бұл операциялар бойынша 3 - баған толтырылмайды.

5 баған - Ақша жіберушінің резиденттігінің белгісі.

6 баған - Ақша жіберушінің экономика секторының коды.

7 баған - Бенефициардың резиденттігінің белгісі.

8 баған - Бенефициардың экономика секторының коды.

9 баған - төлем белгілеудің коды.

Тікелей корреспонденттік есепшоттар бойынша халықаралық төлемдер енетін жағдайда (4=3 б.), 5, 6, 9 бағандарын есеп беруші банк төлем келген банк - корреспонденттің тапсырмасы және/немесе төлем негіздемесі қызметін атқаратын басқалай (төленбейтін) құжаттары негізінде толтырады.

10 баған - Есепті кезең үшін төлем саны. Бастапқы 0 белгісі қабылданады. Бір төлем бағанын көрсету кезінде 1 белгісі қабылданады. Жаңа төлем параметрі 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13 бағандарымен сәйкес келсе сол бағандағы мәні 1-ге, 11 - бағандағы белгі жаңа төлемнің сомасына көбейтіледі.

11 - баған - Валюта төлем бірлігінің мың. төлем сомасы (үтірден кейінгі бір сан дөңгелектеп алынады).

12 - баған - Төлем валютасының коды. Халықаралық ұйымдардың (ISO) стандарты бойынша стандарттарына сәйкес белгіленеді.

13 - баған - Резидент емес мемлекет (ақша жіберуші немесе бенефициар) - Халықаралық ұйымдардың (ISO) стандарты бойынша стандарттарына сәйкес толтырылады. "Резидент - резидент емес" түріндегі халықаралық операцияларды жүргізу кезінде толтырылады. (Егер 5, 7 бағандарындағы белгілер сәйкес келмесе).

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

